

aceline

Пайдаланушы нұсқаулығы

aceline

aceline

Aceline CFH-1500W
жылу желдеткіші

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны құралды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құралдың тағайындалуы

Aceline CFH-1500OSC жылу желдеткіші.

Сақтық шаралары

1. Аспапты қуат көзіне қосар алдында Сіздің үйіңіздің электр желісінің кернеуі техникалық сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Қуат көзі кабелін құрылғының ыстық бөлігінен алыс ұстаңыз.
3. Aceline CFH-1500OSC жылу желдеткіші.
4. Қызып кетпес үшін құрылғының бетін жаппаңыз.
5. Құрылғы тек үйде пайдалануға арналған.
6. Құрылғыны түгі ұзын кілемге орналастырмаңыз.
7. Аспапты тегіс, орнықты бетке орналастырыңыз.
8. Тұтанбас үшін құрылғыны перделер мен жапқыштар жанына орналастырмаңыз.
9. Жұмыс істеп тұрған құрылғыны розеткаға тікелей жақын қоймаңыз.
10. Құрылғының торына қандай да бір заттарды салмаңыз.
11. Жұмыс істеп тұрған құрылғының бетін жаппаңыз және оған киім кептірмеңіз.
12. Жұмыс істеп тұрған құрылғыны тез тұтанатын сұйықтықтардың жанына орналастырмаңыз.
13. Құрылғыны жылжытқан кезде оны өшіріп, айырын розеткадан шығарыңыз.
14. Көзге көрінеті ақаулықтарды көрсеңіз, құрылғыны пайдаланбаңыз.
15. Құрылғы балалар мен денелік, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануы үшін арналмаған, тек олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғалар оларға бақылауды жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда.
16. Жұмыс істеп тұрған аспапты қараусыз қалдырмаңыз.
17. Құрылғының жұмысында кез келген ақаулар анықталған жағдайда, оны дереу тоқтатып, авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Модель: CFH-1500W.
- Қуат көзі параметрлері: 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 1500 Вт.
- Қыздырғыш элементтің материалы: қыш
- Қызып кетуден қорғау.


Сыртқы түрі



1. Термостат реттегіші.
2. Тұтынылатын қуат режимдерін ауыстырып-қосқыш.
3. Қыздырғыш элемент.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Құрылғыны қоспас бұрын, одан барлық қаптау материалдарының алынғанына көз жеткізіңіз.
2. Жылу желдеткішін тегіс, орнықты бетке орналастырыңыз.
3. Қалыпты жұмыс істеуі үшін құрылғыда жеткілікті желдету болуы тиіс. Құрылғының бүйірінен кедергіге дейін кем дегенде 50 см қалдыру қажет. Құрылғының желдеткіш тесіктерін қалқаламаңыз.
4. Жылу желдеткішін электр желісіне қосыңыз.
5. Қажетті қыздыру дәрежесін орнату үшін термостаттың тұтқасын сағат тілімен бұраңыз.
6. Тұтынылатын қуаттылық режимдерінің ауыстырып-қосқышын қажетті режимге орнатыңыз:
 - Желдеткіш: суық ауа.
 - I: қыздырудың орташа дәрежесі (1000 Вт).
 - II: қыздырудың жоғары дәрежесі (1500 Вт).



Тазалау және күтім жасау

- Тазалар алдында құрылғының қуат кабелін розеткадан үнемі ажыратып отырыңыз және құрылғыға сууға уақыт беріңіз.
- Құрылғының бетін ылғалды түксіз матамен тазалаңыз.
- Ешқандай қажат заттарды, сондай-ақ құрылғыны тазалауға арналған суды пайдаланбаңыз.

Сақтау

- Сақтауға қояр алдында аспапты ылғи сөндіріп отырыңыз және толық сууға уақыт беріңіз.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт кезеңі ішінде пайдаланылмайтын болса, оны пайдаланушы нұсқаулығымен бірге түпнұсқа қаптамаға салыңыз және құрғақ желдетілетін жерде сақтаңыз.
- Аспапты шаңды ортада сақтамаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау және тасымалдау құрғақ жерлерде жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны өткізу РҚ қолданыстағы заңнамасына сай жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Бұның орнына, ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті орынға кәдеге жаратуға тапсыруға жатады. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.



Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші осы бұйымға 12 ай кепілдік мерзімін белгілейді және бұйымның материалдарында, жиынтығында ақаулықтар болмағанына кепілдік береді және бүкіл кепілдік берілген мерзімнің ішінде ақаусыз жұмысына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған шартпен, уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз жабдықтың істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Жеке, кәсіби емес пайдалануға арналған бұйымның қызмет ету мерзімі, пайдалану ережелері сақталған жағдайда, 24 ай құрайды.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цыси Шуайгэ Электрикал Эпплайенс Фэктори.
Чжанци Индастриал, Цыси қ., Чжэцзян, Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі».
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»;

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының жинақталуы алдын ала хабарламасыз өзгертілуі мүмкін.



